

Астана қаласы бойынша жер салығының мөлшерлемесі туралы

Күшін жойған

Астана қалалық маслихатының 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 129/26-II шешімі. Астана қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 1 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 167. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 184/30-IV шешімімен

Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 184/30-IV шешімімен

Астана қаласының әкімияты ұсынған материалдарды қарап, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Бюджеттегі салық және басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Кодексінің K010209_ 338-бабын басшылыққа алып, Астана қаласының жерлерін белдемдеу тәсімі негізінде Астана қаласының мәслихаты шешті:

1. 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап Астана қаласы бойынша, Қазақстан Республикасының "Бюджеттегі салық және басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 329, 330, 332, 334-баптарында қарастырылған жер салығының базалық мөлшерлемесіне төмендегі коэффициенттер белгіленсін: 1) N 1 атырап үшін - 1,5 2) N 2 атырап үшін - 1,3 3) N 3 атырап үшін - 1,0 4) N 4 атырап үшін - 0,5 Астана қаласы маслихаты сессиясының төрағасы Астана қаласы маслихатының хатшысы Мамандар: Омарбекова А.Т. Шарипова М.Е.